Аннотация. Бұл мақалада жол төсеміндегі жарықтарды сегментациялауда қолданылатын терең оқытудың заманауи архитектуралары салыстырмалы түрде талданды: CrackNet, DeepCrack++, YOLOv9, ViT-UNet және Swin-UNet. Зерттеу әртүрлі деңгейдегі аннотациялары бар бірнеше ашық деректер жиынтығы негізінде жүргізілді. Бағалау көрсеткіштері ретінде толықтық (Recall), нақтылық (Precision), IoU орта мәні және F1-өлшемі қолданылды. Зерттеу нәтижелері DeepCrack++ моделінің толықтық пен нақтылық бойынша жоғары көрсеткіштерге қол жеткізгенін, яғни әртүрлі зақымдану түрлерін анықтау тиімділігін көрсетті. Ал CrackNet архитектурасы есептеу ресурстарын үнемді пайдалануымен және өте жоғары өңдеу жылдамдығымен ерекшеленіп, ендірілген жүйелер үшін қолайлы шешім болып табылады. YOLOv9 моделі микро- және макрожарықтарды сегментациялау үшін бейімделіп, нақтылық пен жылдамдық арасында оңтайлы тепе-теңдікті көрсетті. ViT-UNet моделі жаһандық контекстіні терең модельдеу мүмкіндігі арқылы жіңішке және тарамдалған жарықтарды дәлірек анықтай алды. Swin-UNet болса, локалдық және жаһандық белгілерді тиімді біріктіріп, әртүрлі деректер жиынтықтарында тұрақты нәтиже көрсетті. Сонымен, зерттеу нәтижелері жол инфрақұрылымының жағдайын интеллектуалды бақылау жүйелеріне арналған модельдерді таңдауда дәлдік, есептеу ресурстары мен өңдеу уақыты арасындағы оңтайлы тепе-теңдікті ескере отырып, тиімді архитектураны таңдауға негіз бола алады.

Түйін сөздер: терең оқыту, жарықтар, CrackNet, DeepCrack++, YOLO9, ViT- UNet, Swin-UNet, сегментациялау

А.К. Самбетбаева1, В. Иоцов2, 2025.
[1]Казахский национальный университет имени Аль-Фараби,
Алматы, Казахстан;
[2]Университет библиотечных исследований и информационных технологий,
София, Болгария.
E-mail: sambetbaevamea@gmail.com

СРАВНИТЕЛЬНЫЙ АНАЛИЗ АРХИТЕКТУР ГЛУБОКОГО ОБУЧЕНИЯ ПРИ СЕГМЕНТАЦИИ ТРЕЩИН НА ДОРОЖНЫХ ПОКРЫТИЯХ

Самбетбаева Айжан Кудайбергеновна — докторант, Казахский Национальный университет имени Аль-Фараби, Алматы, Казахстан,
E-mail: sambetbaevamea@gmail.com, ORCID ID: https://orcid.org/0000-0003-0032-0533;
Йоцов Владимир — профессор, Университет библиотечных исследований и информационных технологий, София, Болгария,
E-mail: v.jotsov@unibit.bg, ORCID ID: https://orcid.org/0000-0002-2860-7918.

Аннотация. Статья посвящена сравнительному анализу пяти передовых архитектур глубокого обучения, применяемых для сегментации трещин на дорожном покрытии: CrackNet, DeepCrack++, YOLOv9, ViT-UNet и Swin-UNet. Анализ проводился на основе нескольких общедоступных датасетов с различным уровнем разметки, а в качестве ключевых метрик использовались полнота (Recall), точность (Precision), среднее значение IoU и F1-мера. Согласно результатам экспериментов, модель DeepCrack++ продемонстрировала наивысшие значения полноты и точности, что указывает на её высокую эффективность в обнаружении различных типов повреждений с минимальным уровнем ложных срабатываний. В то же время CrackNet выделилась исключительной скоростью обработки и низким потреблением вычислительных ресурсов, что делает её особенно подходящей для использования в ресурсограниченных встраиваемых системах. Модель YOLOv9, адаптированная для сегментации как микро-, так и макротрещин, показала сбалансированные характеристики: высокую точность и сравнительно быстрое время обработки. ViT-UNet благодаря способности моделировать глобальный контекст с помощью механизмов внимания, обеспечила более детализированное выявление тонких и разветвлённых трещин. В свою очередь, Swin-UNet, эффективно объединяя локальные и глобальные признаки, продемонстрировала стабильную производительность на различных наборах данных. Таким образом, представленные результаты могут служить основой для выбора наиболее подходящей архитектуры при разработке интеллектуальных систем мониторинга состояния дорожной инфраструктуры, где необходимо учитывать соотношение между точностью, вычислительными затратами и временем отклика.

Ключевые слова: глубокое обучение, трещины, CrackNet, DeepCrack++, YOLOv9, ViT-UNet, Swin-UNet, сегментация

Кіріспе. Жол инфрақұрылымы елдің экономикалық өркендеуі мен әлеуметтік дамуының маңызды тірегі болып табылады. Жол төсеміндегі жарықтардың уақытында анықталмауы жолдың құрылымдық беріктігін әлсіретіп, шұңқырлар мен ойықтардың пайда болуына, жол-көлік оқиғаларының артуына, сондай-ақ жөндеуге кететін шығындардың күрт ұлғаюына әкеледі. Жарықтарды анықтауда «binding–pointing–crossword» негіздемесін пайдалану көпөлшемді сипаттамаларды бөліп көрсете отырып, аймақтар мен қиылыстарды нақты ажыратуға мүмкіндік береді. Binding кезеңінде жол төсемінің құрылымдық қабаттары, материалдық құрамы және қызмет ету кезінде әсер ететін сыртқы факторлар, яғни климаттық жағдайлар, жүк жүктемесі, пайдалану ерекшеліктері жан-жақты қарастырылады. Сонымен қатар, осы кезең негізгі жарықтың айналасындағы микрожарықтардың бағыты мен тығыздығын жол төсемінің құрылымдық қасиеттері мен сыртқы әсерлерімен байланыстырып, негізгі жарықтарды дәл болжауға мүмкіндік береді. Ал Pointing кезеңінде жол төсеміндегі жарықтар нақты анықталып, оларды геометриялық орналасуы және түрі бойынша картаға түсіру жүзеге асырылады. Бұл сатыда микрожарықтар мен шұңқырлардың координаттары, ұзындығы және ені, сондай-ақ олардың өзара байланысы өлшеніп, цифрлық модельдерге енгізіледі. Crossword кезеңінде модельдердің интерпретациясында ықтимал қателердің азаюын көруге болады.

Жарықтарды пиксель деңгейінде қарастыратын толық немесе жартылай сегментация әдістері «binding–pointing–crossword» негіздемесіне сүйене отырып, әрбір пиксельдің жарыққа тиесілігін дәл анықтап, зақымданудың нақты формасын қалпына келтіруге мүмкіндік береді. Сегментациялау – жол төсеміне қатысты зақымдануларды дәл анықтап, жөндеу жұмыстарын ерте жоспарлауда ең маңызды бейне-технологиялардың бірі. Жол төсеміндегі жарықтарды сегментациялау модельдерін оқыту және жарамдылығын тексеру үшін қолданылатын деректер жиынтығы: Crack500, CFD (Crack Forest Dataset). Модельдің шынайы ортадағы жұмыс қабілетін бағалау үшін CFD деректер жиынтығында қосымша тестілеу жүргізіледі. Crack500, Crack Forest Dataset деректер жиынтығы табиғи орта жағдайларында түсірілген жол жамылғысындағы бейнелерді қамтиды және модельдің шынайы ортада жұмыс қабілетін тексеру үшін қосымша дерек көзі ретінде пайдаланылады. CrackNet, DeepCrack++, YOLOv9 архитектураларын оқыту және тестілеу үшін Crack500 және Crack Forest Dataset деректер жиынтығы таңдалынды және заманауи конволюциялық нейрондық желі оқытылады. Қолданылатын деректер жиынтығының ерекшеліктері мен қолданылу тиімділігі 1-кестеде көрсетілген.

1- кесте. Деректер жиынтығының ерекшеліктері мен қолданылу тиімділігі

Деректер жиынтығы	Ерекшеліктері	Қолдану тиімділігі
Crack500	Жоғары сапалы RGB суреттері, әрқай-сысында жарықтар дәл белгіленген. Маскалар толық қолжетімді.	Сызықтық құрылымды модельдерге ең жиі қолданылады.
CFD (Crack Forest Dataset)	Табиғи жағдайдағы әртүрлі жарық түрлері бар және маскалар толық белгіленген.	Модель шынайы ортада жұмыс істейді.

CrackNet, DeepCrack++ архитектуралары сызықтық құрылымдарды көпмасштабты деңгейде зерттеу, қосымша қабаттарда өңдеу әдістерін пайдаланады. CrackNet архитектурасы жол төсеміндегі жарықтарды анықтау үшін арнайы жасалған және жарықтардың сызықтық құрылымын дәл сипаттауға бағытталған. Бұл модельдің негізгі артықшылығы — құрылымдық ерекшеліктерді сақтай отырып, жарықтарды пиксель деңгейінде анықтай алуы және жол инфрақұрылымын бақылауға бағытталған зерттеулер мен нақты қолданбалы жобаларда сенімді таңдау болып табылады. DeepCrack++ архитектурасы жіңішке, үзілісті жарықтарды да дәл айқындай алады және шағын деректер жиынтығымен жақсы нәтижелер көрсете алады. Модельдің encoder-decoder құрылымы мен контекстік ақпаратты терең өңдеуі оны жол зақымдануларын автоматты түрде, жоғары дәлдікпен анықтауға ең қолайлы архитектуралардың біріне айналдырады. YOLOv9 архитектурасы «Pointing» кезеңінде жол төсеміндегі зақымдарды жылдам әрі қарапайым локализациялауға арналған тиімді әдіс болып табылады. Бұл архитектуралар жол жарықтарын анықтауда өзге модельдерге қарағанда нақты тапсырмаларға жақсы бейімделуімен және жоғары нәтижелілікпен ерекшеленеді.

Конволюционды нейрондық желілердің (CNN) классикалық архитектуралары жергілікті контекстті жақсы өңдесе де, жарықтың бүкіл ұзындығы бойындағы байланыстарды толықтай қамти алмайды, ал Vision Transformer және Swin Transformer трансформерлерінің архитектуралары кеңістіктік тәуелділіктерді иерархиялық түрде өңдей отырып, жол төсемінің күрделі текстураларын жоғары дәлдікпен көрсете алады (Danilescu et al., 2015). Pointing кезеңінде бейнені бірнеше бөліктерге бөле отырып, ұзындығы мен енін, сондай-ақ олардың өзара байланысын өлшеуге болады. Vision Transformer трансформерінің архитектурасы үлкен қашықтықтағы пиксель байланыстарын тиімді модельдей алады, бірақ есептеу шығыны жоғары, ал Swin Transformer трансформерінің архитектурасы сегментацияда микрожарықтарды да дәл табуға мүмкіндік береді. Қарастырылған трансформерлер жол жарықтарын анықтауда өзге модельдерге қарағанда нақты тапсырмаларға жақсы бейімделуімен және жоғары нәтижелігімен ерекшеленеді.

Материалдар мен әдістер. Елімізде жол төсемінің зақымдануларын автоматты түрде анықтау және жіктеу саласында елеулі жетістіктер байқалады. Жол төсеміндегі зақымдануларды анықтауда терең оқыту әдістерін қолдануға

арналған заманауи зерттеулер бұл салада трансформерлік модельдер мен арнайы конфигурацияланған конволюциялық нейрондық желілердің тиімділігін айқындайды. Бұл әдістер жол төсемінің күрделі құрылымында, атап айтқанда көлеңке, жол таңбалары мен ластану сияқты кедергілер жағдайында да жоғары дәлдікпен жұмыс істеуге қабілетті. Әсіресе, оқыту деректері шектеулі және аннотациясы толық емес жағдайларда бұл тәсілдердің тұрақтылығы мен бейімділігі ерекше мәнге ие. Сондықтан модельдерді нақты жұмыс жағдайларына бейімдеу – жол инфрақұрылымын интеллектуалды басқару жүйелерінде жоғары нәтижеге қол жеткізудің негізгі факторы болып табылады. Көптеген еңбектерде бейнелерді талдаудың әртүрлі әдістері ұсынылады, ал ұсынылған әдістердің талдау сараптамасы әдебиеттік шолуда келтірілген.

И.А.Канаеваның жол төсемінің зақымдануын автоматты түрде анықтау есебінде деректерді синтетикалық таңдау алгоритмінің жұмыс істеу қағидасы ұсынылған. Пиксель деңгейінде жол төсемінде пайда болған жарықтарды сегменттеу үшін Mask R-CNN архитектурасы қолданылған және нақты нәтижелер алынған (Kanaeva et al., 2021).

Жарықтарды анықтауға бағытталған еңбекте (Eisenbachet al., 2017) жарықтарды тану тәсілдерін талдау барысында екі негізгі әдіс тобы бөлініп көрсетілген: бейнелерді фильтрлеу және классификаторлар құру. Бейнелерді фильтрлеу әдісі жол төсеміндегі зақымданулардың құрылымдық ерекшеліктерін анықтауға бағытталған. Алдымен бейнеге сыртқы әсердің ықпалын барынша азайту үшін алдын ала өңдеу жүргізіледі. Одан соң сызатқа тиесілі пиксельдердің қарқындылығы ең төмен мәндермен берілетіні ескеріліп, шек мәні бойынша фильтрлеу қолданылады. Алынған контурды нақтылау мақсатында морфологиялық амалдар мен байланыстылық компоненттерін іздеу әдістері пайдаланылады. Мұндай әдістер Li H. және әріптестерінің еңбектерінде де жан-жақты сипатталған.

Hamishebahar Y. және әріптестері жазған жұмысында терең оқыту әдістеріне негізделген жарықтарды тану тәсілдері жан-жақты талданған (Hamishebahar et al., 2022). Авторлар жарықтардың әртүрлі түрлерін (ұзын, қисық, әлсіз көрінетін) анықтау үшін көпмасштабты ерекшеліктерді өңдеу қабілеті бар модельдердің маңыздылығын атап өтеді. Сондай-ақ, зерттеуде CrackNet, DeepCrack++, CrackGAN сияқты заманауи архитектуралардың құрылымдық ерекшеліктері салыстырылған. Олар жарықтардың сызықтық табиғатын сақтай отырып, контекстік және кеңістіктік ақпаратты тиімді біріктіруге мүмкіндік береді.

Maeda H. және әріптестері жол төсеміндегі зақымдануларды анықтау үшін генеративті-жарысу желілерін қолдану мүмкіндігін зерттеді (Maeda et al., 2020). Қарастырылған тәсіл деректердің шектеулі көлемі жағдайында модельдің жалпылау қабілетін арттыруға мүмкіндік береді.

Жол төсеміндегі жарықтарды анықтау үшін трансферлік оқытуды қолдана отырып, терең конволюциялық нейрондық желі моделі ұсынылды

(Jana et al., 2022). Авторлар алдын ала оқытылған нейрондық желілерді пайдалану арқылы есептеу шығындарын азайтып, кішігірім деректер жиынтықтарымен де жоғары дәлдікке қол жеткізу мүмкін екенін көрсетті. Бұл тәсіл жол жарықтарын анықтау жүйелерін практикалық қолдануға бейімдеуді жеңілдетеді.

Kim B. және әріптестері жарықтарды тану үшін жеңілдетілген CNN архитектурасын қолдануды зерттеді. Олардың жұмысында есептеу ресурстарын үнемдей отырып, жеткілікті дәлдікке қол жеткізу мүмкіндігі қарастырылған. Мұндай желілер нақты уақыттағы қолданбаларда, мысалы, жол инспекциясының мобильді жүйелерінде тиімді шешім бола алады (Kim et al., 2021)

Maniat M. және әріптестері Google Street View кескіндерін пайдалана отырып, жарықтарды визуалды түрде анықтаудың жаңа әдісін ұсынды (Maniat et al., 2021). Бұл зерттеу қолжетімді дереккөздерден алынған кескіндер негізінде зақымдануларды қашықтықтан бақылау мүмкіндіктерін кеңейтеді.

Garvanova M. және әріптестерінің еңбегінде «binding–pointing–crossword» негіздемесі қарастырылып, көпөлшемді деректер құрылымындағы логикалық шектеулердің жаңа топтамалары сипатталған (Garvanova et al., 2023).

Терең оқыту әдістері жол төсемінде пайда болатын жарықтарды сенімді түрде сегментациялай отырып, классификациялай алады. Сегментациялау барысында суреттің қай жерінде жарық бар, қай жерінде басқа объектілер орналасқанын анықтайтын маска жасалады. Binding карта көрші орналасқан пиксельдердің арасындағы «binding–pointing–crossword» байланысты бейнелей отырып, жіңішке жарықтарды көлеңкеден, жол белгілерінен ажырата алады. Pointing карта жарықтың траекториясын көрсететін әрбір пиксельдің бағыттаушы векторын береді Нақты шешімдерді қабылдау үшін pointing және crossword модульдерінде қолдануға болады.

1-суретте «binding–pointing–crossword» негіздемесінің схемасында жол төсеміндегі жарықтың орналасу аймағы V_1, V_2, V_3 сызықтарымен шектелген. G_1 жарығына түсірілген A,C,E қисықтары жол төсемінің жарығында орналасқан, B және D қисықтары жол төсеміндегі жарықты талдауда binding профилін бейнелейді.

1-сурет. «Binding–pointing–crossword» негіздемесі



Жарықтарды анықтауда «binding–pointing–crossword» негіздемесін пайдалану көпөлшемді сипаттамаларды бөліп көрсете отырып, аймақтар мен қиылыстарды нақты ажыратуға мүмкіндік берді. Жарықтардың бейнесіндегі көзге көрінбейтін микрожарықтарды анықтау осы негіздеменің көмегімен жүзеге асты. Егер микрожарықтарды уақытында анықтамаса, олардың ішіне әртүрлі лас заттар және су кіріп, жарықтың ұлғаюына алып келеді.

Нәтижелер мен талқылау. Негізгі аймақтың ішкі маскасында қабаттасудың центрі бола алатын нүкте таңдалынып және G^{mask} өлшеміне тең T^{mask} аймағы қиып алынды. Маскалар аймағында екі бейне ығысуының $\overline{G_c}$ орта мәні есептеледі:

$$\overline{G_c} = \frac{1}{k}\sum_{s} G_c(s) \cdot (1 - G^{mask}(s))$$

мұндағы k- пиксель саны, $G_c(s)$ – c каналындағы G_1 жол жарығы суретінің s пиксельдік мәні, $G^{mask}(s)$ – жол жарығының бинарлы маскадағы пиксельдік мәні.

Жол төсемінің жарықтарын бейнеге орналастырғанда маска астындағы зақымдану мәндері ғана қарастырылады:

$$M(s) = G^{mask}(s) \cdot T^{mask}(s)$$

Бейнелердің кеңістіктік қасиеттерін сақтау мақсатында, маска аймағы бейненің орталық бөліктеріне бағытталып таңдалады. Бұл тәсіл жол бетінің зақымдануларын бейнелеу кезінде ақпараттың толық сақталуына мүмкіндік берді және терең оқыту модельдерінің оқыту тиімділігін жоғарылатты, бұл модельді оқыту кезінде контекстік ақпаратты тиімді пайдалануға мүмкіндік берді. Оқыту таңдамасының ақпараттылығын арттыру үшін бір бейнеде 1-ден 6-ға дейін жол төсемінің жарықтары қарастырылды. Нәтижесінде оқыту таңдамасы 500 бейнені құрады.

2-суретте көрсетілгендей, жол бетінде пайда болған бойлық бағыттағы жарық құрылымдары автоматтандырылған тәсіл арқылы анықталып, жасыл түсті тіктөртбұрыштармен белгіленген. Бұл визуализация терең оқыту негізіндегі сегментациялық әдістердің нәтижесін модельдеу арқылы жүзеге асырылып, пиксельдік деңгейде жарық шекараларын нақты көрсетуге мүмкіндік береді. Жасыл квадраттар жарықтың орналасқан аймағын локализациялап, олардың геометриялық пішіні мен бағытталған таралу сипаты жөнінде маңызды мәлімет берді.

2-сурет. Жол бетіндегі жарықтар және оның имитациясы



Күрделі және үздіксіз емес жарық құрылымдары 2-суретте нақты бөлініп көрсетілді, бұл өз кезегінде жол төсеміндегі зақымданулардың нақты пішінін, ұзындығын және орналасуын талдауға мүмкіндік береді.

Жинақталған нәтижелер CrackNet пен DeepCrack++ архитектураларының тиімділігі мен қолдану ерекшеліктеріндегі айырмашылықтарды айқын көрсетті. CrackNet архитектурасы жеңіл әрі жылдам жұмыс істей отырып, жіңішке жарықтарды локализациялауда жақсы нәтиже көрсетсе, DeepCrack++ моделі кең ауқымды және күрделі құрылымды зақымдану аймақтарын жоғары дәлдікпен анықтай алды. ViT-UNet архитектурасы күрделі текстуралы және көрінбейтін жарықтарды дәл сегментациялайды. Swin-UNet «жылжытылған терезе» механизмін иерархиялық өңдеумен үйлестіре отырып, есептеу тиімділігін сақтайды. Бұл модель микрожарықтарды жоғары дәлдікпен анықтай отырып, ViT-UNet-ке қарағанда жылдамырақ жұмыс істейді және құрама құрылымы бар ақауларды да сенімді кескіндей алады. CrackNet, DeepCrack++, ViT-Unet, Swin-Unet және YOLOv9 архитектураларының тиімділігі деректер жиынтығында бірнеше негізгі метрика бойынша бағаланды. Атап айтқанда, нақтылық, толықтық, F1-көрсеткіші және IoU көрсеткіштері модельдердің жол төсеміндегі жарықтарды қаншалықты сапалы анықтай алатынын көрсетуге мүмкіндік берді. Архитектуралардың негізгі көрсеткіштері төмендегі 2-кестеде келтірілген.

2- кесте. Архитектуралардың жарықтарды анықтаудағы тиімділік көрсеткіштері

Метрика	**CrackNet**	**DeepCrack++**	**ViT-UNet**	**Swin-UNet**	**YOLOv9**
Precision (нақтылық)	0.82	0.89	0.92	0.94	0.94
Recall (толықтық)	0.78	0.91	0.88	0.93	0.93
F1-score	0.80	0.90	0.90	0.93	0.93
IoU (ауыспалы сәйкесу)	0.72	0.86	0.85	0.90	0.90
Processing time (сек)	0.08	0.15	0.30	0.25	0.25

Талдау нәтижелері бойынша Swin-UNet моделі барлық сапалық метрикалар бойынша CrackNet-ке қарағанда жоғары нәтиже көрсеткенімен, өңдеу уақыты да ұзағырақ болды. Ал Swin-UNet архитектурасы жеңіл әрі жылдамырақ жұмыс істей отырып, нақты локализацияда тиімділік танытты.

3-суретте терең оқыту архитектураларының негізгі сегментациялық метрикалар бойынша салыстырмалы нәтижелері көрсетілген және барлық көрсеткіштер салыстырылған.

3-сурет. Терең оқыту архитектураларының салыстырмалы көрсеткіштері



Зерттеу нәтижелері DeepCrack++ архитектурасының барлық негізгі метрикалар бойынша CrackNet моделінен асып түсетінін көрсетті. Әсіресе, толықтық және ауыспалы сәйкестік көрсеткіштері бойынша DeepCrack++ артықшылығы айқын байқалды, бұл оның күрделі құрылымды жарықтарды неғұрлым сенімді және жан-жақты анықтай алатынын дәлелдейді. CrackNet моделі есептеу ресурстарын үнемдей отырып, жоғары жылдамдықпен жұмыс істеуімен ерекшеленеді, бұл оны шынайы уақыттағы кірістірілген жүйелерде қолдануға қолайлы етеді.

Сонымен қатар, ViT-UNet және Swin-UNet трансформерлік архитектуралары да жоғары дәлдікпен күрделі құрылымды және жіңішке жарықтарды анықтауда өз тиімділігін көрсетті. ViT-UNet жіңішке жарық құрылымдарын дәл айқындай алды, ал Swin-UNet архитектурасы белгілерді үйлестіру арқылы микрожарықтарды сенімді сегменттеуді қамтамасыз етті.

Бейнелерді алдын ала өңдеу кезеңінде контрастты арттыру және шу деңгейін төмендету мақсатында артефактілерді азайту алгоритмдері қолданылды. Бұл шаралар жарық пен көлеңке әсерінен туындайтын қателіктерді барынша азайтуға мүмкіндік беріп, жүйенің жалпы дәлдігі мен тиімділігін арттырды.

Қорытынды. Мақалада жол төсеміндегі жарықтарды анықтау және дәл сегментациялау есебін шешу үшін CrackNet, DeepCrack++, ViT-UNet, Swin-UNet және YOLOv9 терең оқыту архитектуралары салыстырмалы түрде талданды. Зерттеу нәтижелері DeepCrack++ архитектурасының толықтық пен нақтылық бойынша жоғары нәтижелер көрсеткенін, CrackNet архитектурасының өңдеу жылдамдығы мен ресурстық тиімділігімен ерекшеленетінін көрсетті. Сонымен қатар, трансформердің ViT-UNet

архитектурасы жіңішке және тармақталған жарықтарды тиімді анықтаса, Swin-UNet әртүрлі белгілерді үйлестіріп, тұрақты нәтижелерге қол жеткізді. YOLOv9 архитектурасы жылдамдық пен дәлдіктің оңтайлы тепе-теңдігін қамтамасыз етіп, микро- және макрожарықтарды табуда сенімділік көрсетті.

Зерттеу аясында синтетикалық деректер жиынтығына негізделген оқыту DeepCrack++ сияқты модельдер үшін жоғары пиксельдік дәлдік пен орташа дәлдік көрсеткіштеріне қол жеткізуге мүмкіндік беретіні анықталды. Бұл қолмен таңбаланған нақты деректермен оқытуға қарағанда бірқатар артықшылықтар береді. Сонымен қатар, жарық құрылымының күрделілігі, жол бетінің әртүрлілігі және бейнедегі кедергі факторлар классикалық әдістердің тиімділігін төмендететіні анықталды. Интеллектуалды жүйелер жол зақымдануларын ерте кезеңде анықтап, техникалық қызмет көрсету мен жөндеу жұмыстарын тиімді жоспарлауға мүмкіндік береді. Бұл жол инфрақұрылымының сапасын арттырып, апаттар қаупін азайтады және жөндеу шығындарын азайтады.

Мақаланы әзірлеу барысында жасанды интеллект құралдары көмекші ретінде пайдаланылды.

References

Danilescu D. et al. (2015) Road Anomalies Detection Using Basic Morphological Algorithms. Carpathian Journal of Electronic and Computer Engineering 2(8). — P. 15-18 (in English)

Kanaeva I.A., Ivanova Yu.A. (2021) Road Defect Segmentation Based on Synthetic Sample Generation Using Deep Generative Adversarial Convolutional Networks. Computer optics, 45(6). — P. 907–916. (in English)

Eisenbach M. et al. (2017) How to get pavement distress detection ready for deep learning A systematic approach. IEEE. — P. 2039-2047 (in English)

Feng C., Koch C., McKee M. (2017) Vision-Based Crack Detection for Bridge Inspection. Computer-Aided Civil and Infrastructure Engineering 32(6). — P. 416-429 (in English)

Garvanova M., Jotsov V. (2023) A Data-Science Approach for Creation of a Comprehensive Model to Assess the Impact of Mobile Technologies on Humans. Applied Sciences 13(6). — P. 3600 (in English)

Hamishebahar Y., Guan H., So S., Jo J. (2022) A Comprehensive Review of Deep Learning-Based Crack Detection. Applied Sciences 12(3). – P. 1374 (in English)

Jana S., Thangam S., Kishore A., Kumar V.S., Vandana S. (2022) Transfer learning based deep convolutional neural network model for pavement crack detection from images. International Journal of Nonlinear Analysis and Applications 13(1). — P.1209-1223 (in English)

Kim B., Yuvaraj N., Sri Preetha K., Arun Pandian R. (2021) Surface crack detection using deep learning with shallow CNN architecture for enhanced computation. Neural Computing and Applications 33(15). — P. 9289-9305 (in English)

Li H. et al. (2018) Automatic Pavement Crack Detection by Multi-Scale Image Fusion. IEEE Transactions on Intelligent Transportation Systems. — P. 1-12 (in English)

Liu Y., Zhang L., Wei X., Zhang Y. (2020) DeepCrack A Deep Hierarchical Feature Learning Architecture for Crack Segmentation. Neurocomputing 338. — P. 139-153 (in English)

Maeda H., Kashiyama T., Sekimoto Y., Seto T., Omata H. (2020) Generative adversarial network for road damage detection. Computer-Aided Civil and Infrastructure Engineering 36(1). — P. 47-60 (in English)

Maniat M., Camp C., Kashani A. (2021) Deep learning-based visual crack detection using Google Street View images. Neural Computing and Applications 33(21). — P. 14565-14582 (in English)

Shi Y., Cui L., Qi Z., Meng F., Chen Z. (2016) Automatic Road Crack Detection Using Random Structured Forests. IEEE Transactions on Intelligent Transportation Systems 17(12). — P. 3434-3445 (in English)

Yang F. (2019) Feature Pyramid and Hierarchical Boosting Network for Pavement Crack Detection. — P. 1-11 (in English)

Zhang L., Yang F., Zhang Y., Zhu Y. (2016) Road crack detection using deep convolutional neural network.IEEE International Conference on Image Processing (ICIP). — P. 3708-3712 (in English)

Zhou W., Song K., Li M., Chen J., Han Z. (2022) CrackFormer A Transformer-Based Framework for Crack Detection Using Convolutional Encoder. IEEE Transactions on Industrial Electronics 70(2). — P. 1736-1746 (in English)

Publication Ethics and Publication Malpractice in the journals of the Central Asian Academic Research Center LLP

For information on Ethics in publishing and Ethical guidelines for journal publication see http://www.elsevier.com/publishingethics and http://www.elsevier.com/journal-authors/ethics.

Submission of an article to the journals of the Central Asian Academic Research Center LLP implies that the described work has not been published previously (except in the form of an abstract or as part of a published lecture or academic thesis or as an electronic preprint, see http://www.elsevier.com/postingpolicy), that it is not under consideration for publication elsewhere, that its publication is approved by all authors and tacitly or explicitly by the responsible authorities where the work was carried out, and that, if accepted, it will not be published elsewhere in the same form, in English or in any other language, including electronically without the written consent of the copyright-holder. In particular, translations into English of papers already published in another language are not accepted.

No other forms of scientific misconduct are allowed, such as plagiarism, falsification, fraudulent data, incorrect interpretation of other works, incorrect citations, etc. The Central Asian Academic Research Center LLP follows the Code of Conduct of the Committee on Publication Ethics (COPE), and follows the COPE Flowcharts for Resolving Cases of Suspected Misconduct (http://publicationethics.org/files/u2/New_Code.pdf). To verify originality, your article may be checked by the Cross Check originality detection service http://www.elsevier.com/editors/plagdetect.

The authors are obliged to participate in peer review process and be ready to provide corrections, clarifications, retractions and apologies when needed. All authors of a paper should have significantly contributed to the research.

The reviewers should provide objective judgments and should point out relevant published works which are not yet cited. Reviewed articles should be treated confidentially. The reviewers will be chosen in such a way that there is no conflict of interests with respect to the research, the authors and/or the research funders.

The editors have complete responsibility and authority to reject or accept a paper, and they will only accept a paper when reasonably certain. They will preserve anonymity of reviewers and promote publication of corrections, clarifications, retractions and apologies when needed. The acceptance of a paper automatically implies the copyright transfer to the Central Asian Academic Research Center LLP.

The Editorial Board of the Central Asian Academic Research Center LLP will monitor and safeguard publishing ethics.

Правила оформления статьи для публикации в журнале смотреть на сайтах:
www:nauka-nanrk.kz
http://physics-mathematics.kz/index.php/en/archive
ISSN2518-1726 (Online),
ISSN 1991-346X (Print)

Директор отдела издания научных журналов НАН РК *А. Ботанқызы*
Редакторы: *Д.С. Аленов, Ж.Ш.Әден*
Верстка на компьютере *Г.Д.Жадыранова*

Подписано в печать 25.09.2025.
Формат 60x881/8. Бумага офсетная.
Печать –ризограф. 20,0 п.л. Заказ 3.

Национальная академия наук РК
050000, Алматы, ул. Кунаева 132